

**Мамандық бойынша тест: 1-пән**

1. Бойлық қима пішінінен немесе цилиндрліктен ауытқу
  - A) қырлылық және сопақтық
  - B) дөңестік және сопақтық
  - C) қырлылық және ойыстық
  - D) конустылық, бөшке тәрізділік және ертоқым тәрізділік
  - E) дөңестік пен ойыстық
  
2. Сыртқы метрикалық бұранданың орта  $d_2$  диаметріне тағайындалатын дәлдік дәрежелері
  - A) 4, 6, 8
  - B) 3, 4, 5, ...10
  - C) 4,5, 6, 7, 8
  - D) 6,7, 8, 9, 10
  - E) 4, 5, 6, 7, 8, 9
  
3. 6 дәлдік сыныпты домалау мойынтіректерінің сыртқы сақинасын қорапқа біріктіруде оған тағайындалатын шақтама өрістері
  - A) m, n, p, r
  - B) f, g, h,  $j_s$ , k, m
  - C) H,  $J_s$ , K, M
  - D) M, N, P
  - E) E, G, H,  $J_s$ , K, M
  
4. Мойынтіректердің ішкі сақинасына білікті қондыруда орындалатын жүйе
  - A) тесік жүйесі
  - B) мемлекеттік жүйе
  - C) стандарт бойынша
  - D) білік жүйесі
  - E) дәлдікке байланысты
  
5. Сенімді жұмыс жасап жүрген бірліктегі қондыруды таңдап алу әдісі
  - A) инверсия әдісі
  - B) Тейлор әдісі
  - C) ұқсастық әдісі
  - D) есептеу әдісі
  - E) аналогтық әдіс

6. Бүйір жақтарымен центрленген жылжымалы түзу бүйірлі оймакілтекті қосылыстардың белгіленуі

A)  $d - 8 \times 36 \times 40 \frac{\square 7}{\square 7} \times 7 \frac{\square 8}{\square 7}$

B)  $D - 8 \times 36 \times 40 \frac{\square 7}{\square 7} \times 7 \frac{\square 8}{\square 7}$

C)  $b - 8 \times 36 \times 40 \frac{\square 12}{\square 11} \times 7 \frac{\square 9}{\square 8}$

D)  $d - 8 \times 36 \frac{\square 7}{\square 7} \times 40 \times 7 \frac{\square 12}{\square 11}$

E)  $D - 8 \times 36 \frac{\square 7}{\square 7} \times 40 \times 7 \frac{\square 12}{\square 11}$

7. Базалық ұзындық шегіндегі пішіннің тегіссіздіктерінің шыңдары бойынша қадамдарының орташа арифметикалық мәні

A) пішіннің он нүкте бойынша алынған тегіссіздіктерінің биіктігі

B) пішіннің ең үлкен биіктігі

C) пішіннің орташа арифметикалық ауытқуы

D) пішіннің шығыңқыларының шыңдары бойынша орташа қадамы

E) пішіннің ауытқуы

8. Жоғарғы ауытқу

A) ең үлкен шекті өлшем мен номиналды өлшемнің алгебралық айырмасы

B) ең кіші шекті өлшем мен номиналды өлшемнің алгебралық айырмасы

C) нақты және номиналды өлшемнің алгебралық айырмасы

D) ауытқуларды есептеуді бастауға және шекті өлшемдерді анықтауға арналған өлшем

E) рұқсат етілген қателікпен өлшеп алынған өлшем

9. Тесіктің номиналды өлшемі 30 мм, EI=+5 мкм, ES=+24 мкм, болғанда тесік шақтамасының сандық мәні тең болады

A) 0,019 мм

B) 0,024 мм

C) 0,05 мм

D) 0,005 мм

E) 0,029 мм

10. Беттердің орналасуының шартты // белгілену таңбасы қолданылатын жағдай

A) паралельдік шақтамасы

B) өстестік шақтамасы

C) өстердің қиылысу шақтамасы

D) симметриялық шақтама

E) перпендикулярлық шақтамасы